

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ КОРПОРАТИВТІК КЛИЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ БІР ДЕҢГЕЙЛІ ПАЙДАЛАНУШЫ



МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР	
2.	ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ ТҮРІ	4
3.	«ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГ» ЖҮЙЕСІНЕ КІРУ	5
4.	ЖҮЙЕГЕ АЛҒАШҚЫ РЕТ КІРУ – ҚАУІПСІЗДІК ТЕҢШЕУЛЕРІ	6
5.	БАСТЫ БЕТ	8
6.	БАСТЫ МӘЗІР – ШОТТАРДЫ БАСҚАРУ	
6.1.	. Депозиттер/ағымды шоттар	
6.2.	. Несиелер.	
6.3.	. Операциялар	
6.4.	. Ұсталған комиссиялар	
7.	БАСТЫ МӘЗІР - ОПЕРАЦИЯЛАР	17
7.1.	. Банк ішіндегі аударымдар / айырбастау	
7.2.	. Ұлттық валютадағы аударымдар	
7.3.	. Шетел валютасындағы аударымдар	
7.4.	. Жиынтық төлем	
7.5.	. Төлем тралы толық ақпарат	
7.6.	. Валюта бағамдары	
8.	КАРТОЧКАЛАР (ЕГЕР КЛИЕНТТЕ БАНКТІҢ КОРПОРАТИВТІК КАРТАСЬ	Ы БАР БОЛСА)32
8.1.	. Клиент/төлем карточкасы бойынша ақпарат	
8.2.	. Карточка бойынша үзінді	
8.3.	. Операциялар тарихы	
8.4.	. Карточканың жоғалғаны туралы хабарлама	
8.5.	. Виртуалды Бизнес картаны басқару	
8.6.	. Виртуалды картаның төлемдер тарихы.	
9.	БАСТЫ МӘЗІР – ТЕҢШЕУЛЕР	
9.1.	. Жалпы параметрлер	
9.2.I	.Шоттарды басқару	
9.3.	. ОТР токенді (картаны) бұғаттау	
9.4.	. Хабарламаларды баптау	
9.4.	. Банктен хабарлама	



1. Жалпы ақпарат.

Интернет-банкинг дегеніміз не?

Интернет-банкинг – «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – Банк) ұсынатын, мониторинг, шоттарды басқару және интернет желісі арқылы банктік транзакцияларды жүзеге асыру бойынша қызмет.

Жүйелік талаптар.

«Интернет-банкинг» жүйесінде жұмыс істеу үшін 256 биттік шифрлеуді (Internet Explorer 8.0 және одан жоғары, Chrome) қолдайтын және Интернетке қол жетімді болып келетін заманауи Web-браузері бар компьютер қажет.

«Интернет-банкинг» жүйесінде тіркелу.

«Интернет-банкинг» қызметіне қол жеткізу үшін «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ-ның Алматы қ., Достық к-сі, 38 мекенжайындағы офисінде тіркелу қажет.

Банк филиалында тіркелу кезінде Сізге:

1. Жеке басты куәландыратын қолданыстағы құжатпен «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ кеңсесіне жүгіну.

2. «Интернет-банкинг» жүйесінде клиентке банктік қызмет көрсетуге сауалнама-өтінішті толтыру және оған қол қою.

3. Пайдаланушы идентификаторын (User ID), уақытша құпия сөзді (password) және қауіпсіздік құрылғысын (Динамикалық сәйкестендіру құрылғысы – ОТР-токен) алу қажет.

Назар аударыңыз!

Банк бөлімшесінде берілген уақытша құпия сөз 7 күн ішінде өзгертілуі тиіс.

Егер уақытша құпия сөз 7 күн ішінде өзгертілмесе, пайдаланушы бұғатталады. Пайдаланушының құлпын ашу және жаңа уақытша құпия сөзді беру үшін «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ кеңсесіне жүгіну қажет.

Клиент ұзақ уақыт бойы «Интернет-банкинг» жүйесінде белсенді емес болған кезде есептік жазба бұғатталады.

Егер құпия сөз 5 реттен артық дұрыс енгізілмесе, есептік жазба бұғатталады. Бұл жағдайда Сіз банкке хабарласып, құпия сөзді қайта орнатып, қайтадан кіруіңіз керек. Немесе «Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?» батырмасын басу арқылы құпия сөзді қалпына келтіре аласыз. Құпия сөз жүйеде тіркелген поштаға жіберілетін болады.

Қауіпсіздік картасын пайдалану нұсқаулығы.

Қауіпсіздік картасы - операциялар бойынша ақпаратты енгізу немесе өзгерту кезінде пайдаланушыларды сәйкестендіру үшін қажетті құрал. Қауіпсіздік картасының Сериялық нөмірі артқы жағында, картаның төменгі сол жағында орналасқан.



«Интернет-банкинг» жүйесіндегі жұмыс қауіпсіздігі.

Жүйеде жұмыс басталар алдында «Интернет-банкинг» жүйесіне қолжетімділік жүргізілетін компьютерде немесе басқа жабдықта өзекті вирусқа қарсы дерекқорлары бар вирусқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз етудің орнатылғанына көз жеткізу қажет. Біздің сайтта интернет арқылы қауіпсіз қосылуды қамтамасыз ету үшін 256-bit Secure Sockets Layer шифрлеу технологиясы қолданылады.



2. Қол жеткізудің түрі

Корпоративтік клиенттерге арналған Интернет-банкинг жүйесінде қол жеткізудің 3 түрі бар:

<u>Corporate Entry User – Орындаушы (көп деңгейлі бақылау</u>). Қол жеткізудің бұл түрі Орындаушыға құжаттарды жасауға мүмкіндік береді, бірақ оларды жауапты адамдар растағаннан кейін ғана банк жүйесінде тіркеледі (Растайтын немесе Әкімші).

Corporate Approval User – Растайтын (көп деңгейлі бақылау). Қол жеткізудің бұл түрі Клиентке банкке өңдеуге жіберу үшін жасалған құжаттарды растауға мүмкіндік береді.

Corporate Admin User – Әкімші (көп деңгейлі басқару). Қол жеткізудің бұл түрі әкімшінің құқығын береді, онда клиент пайдаланушы ақпаратын өзгерте алады, Пайдаланушыларға Интернет-банкингтің әртүрлі бөлімдеріне кіруге немесе оны жабуға мүмкіндік береді.

Операцияны растаудың бірнеше жолы бар:

Сериялық растау желісі
 Орындаушы – Растаушы 1 – Растаушы 2 – Растаушы 3



- 2) «Және» параллель растау желісі
- 3) Орындаушы Растаушы 1 және Растаушы 2 Растаушы 3



4) «Немесе» параллель растау желісі Орындаушы – Растаушы 1 немес Растаушы 2 – Растаушы 3





3. «Интернет-банкинг» жүйесіне кіру

«Интернет-банкинг» жүйесіне кіру үшін:

1. Интернет-браузердің (Internet Explorer 8.0 және одан жоғары, Chrome) мекенжай жолында <u>https://kz.shinhanglobal.com</u> теру қажет.

2. Тілді өзгерту (қажет болса).



1.«Кіру» батырмасын басып, ашылған беттегі пайдаланушының ID (login) және уақытша құпия сөзді (password) тиісті өрістерге енгізіңіз. Құпия сөзді енгізу үшін тек виртуалды пернетақта қолданылады.

Пайдаланушынын ID	Пайдала	Пайлапанушынын ID												
Парольді енгізіңіз	Кұпия се	Купия сез									A STATE OF A			
	Virtu	al Key	board	I						CLEA	3	#+=	x	
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	0		×	тузет
тапкы кілгенде, уакытша кулия	q	w	е	r		t	у		u	i		0	р	
stander observes? Jedenteen ittine	Contra Contra												100 COL	

2.«Кіру» батырмасын басыңыз.

Кіру	
Пайдаланушының ID	Пайдаланушының ID
Парольді енгізіңіз	Купия сез

Назар аударыңыз!

Егер құпия сөзді 5 реттен көп қате енгізсеңіз, жүйеге кіру бұғатталады. Бұл жағдайда жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін 356-96-00 телефоны бойынша (немесе дербес менеджерге) Клиент-орталық операторына хабарласу қажет. Немесе «Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?» батырмасын басу арқылы құпия сөзді қалпына келтіріңіз.



Жүйеде кез-келген операциялар мен төлемдерді жүзеге асыру кезінде келесі әрекеттерді орындауға болмайды:

- браузердің батырмаларын қолдану (артқа, алға),
- браузердің жаңа терезесінде /қосымша беттерде беттерді ашу,
- экрандағы операция нәтижесі көрсетілгенше ағымдағы терезені жабу.

Бұл «Интернет-банкинг» жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуіне әкеледі.

4. Жүйеге алғаш рет кіру – қауіпсіздікті теңшеу

Алғаш рет жүйеге кірген кезде Сіз ОТР-токеннің Сериялық нөмірін тіркеу бетіне кіресіз. Құрылғының сериялық нөмірін Қауіпсіздік құрылғысының артқы жағында көруге болады. Деректерді енгізіп, «Әрі қарай» батырмасын басыңыз.

Кіру		
Күманды операция анықта ОТР токен/карта құпия сөз	лды. Онлайн транзакцияларды жасау кезінде қауіпсізді ін eнrisiңis	ікті қамтамасыз ету үшін қосымша аутентификация процесі қажет.
OTP Password	6 таңбаны енгізіңіз	Кулия сезді алыныз
		Бұдан әрі

Назар аударыңыз!

Егер жүйе Интернет-банкингке кіруді күдікті деп санаса және сізде «Күдікті операция табылды. Интернеттегі транзакцияларды жасау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қосымша аутентификация процесі қажет»/ Қауіпсіздік құрылғысынан түрленген 6 таңбалы кодты енгізіп, «Әрі қарай» батырмасын басыңыз.

Кодты енгізу тек виртуалды пернетақта арқылы жүзеге асырылады.

Кіру									
Күманды операция анықта ОТР токен/карта құпия сөз	лды. Онпайн транзакцияларды жасау кезінде қауілсіздікті қам ін енгізіңіз	амасыз ету үшін қосымша аутентификация процесі қажет.							
Тіркелген немірге SMS паролі жіберілді. Егер сіз 3 минут ішінде құлия сөзінјаді алмаған болсаңыз, оны қайта сұраңыз. 02:32									
OTP Password	6 таңбаны енгізіңіз	Кулия оседа альяныз							
	Virtual Keyboard X X 1 2 3 4 5 6 X 7 8 9 0 -1	api							

«Интернет-Банкинг» жүйесінде қорғаудың бірнеше дәрежесі бар. Бұл бет клиенттің деректерін бұзудан және заңсыз пайдаланудан қорғаудың қосымша құралдарын тіркеу үшін қажет.

1 қорғау дәрежесі – бұл Кодтық сұрақтар және оларға жауаптар. 3 сұраққа жауаптарды енгізіп, оларды есте сақтаңыз (жауаптар әріптер, сандар және арнайы таңбалардан тұруы мүмкін. Сіз 1-ден 10 таңбалараға дейін енгізе аласыз).



Кодтық сұрақ

 Кұпия сұрақ 1 	Сіздің сүйікті жануарыңыз қандай?							
Жауабы	Сіз ең көп дегенде 10 таңбаны енгізе аласыз	10 таңбаға дейін енгізуге болады						
 Құпия сұрақ 2 	Сіз бал айыңызды қай қалада өткіздіңіз?	\checkmark						
Жауабы	Сіз ең көп дегенде 10 таңбаны енгізе аласыз	10 таңбаға дейін енгізуге болады						
 Кұлия сұрақ 3 	Сіздің бірінші қызметкеріңіздің есімі кім?	\checkmark						
Жауабы	Сіз ең көп дегенде 10 таңбаны енгізе аласыз	10 таңбаға дейін енгізуге болады						

«Интернет-Банкинг» жүйесінде жұмыс істеу ыңғайлылығы үшін жүйеде жұмыс жүзеге асырылатын компьютерлерді тіркеуге болады. Компьютерді тіркеместен жүйеге кірген кезде кодтық сұрақтардың біріне жауап беру керек. Тіркелу үшін «Компьютерді тіркеу» тармағын таңдап, компьютердің атын көрсетіңіз.

Ком	ипьютерді тіркеу
Ereg бұл Cis (реті	р сіз бұл компьютерді сенімді ретінде тіркегіңіз келсе, компьютердің атын енгізіңіз. Осы компьютерден қайта кірген кезде сізден "Кодтық сұрақтар" сұралмайды. Егер сіз компьютерді сенімді ретінде тіркегіңіз келмесе, "Компьютерді тіркеусіз кіруді" таңдаңыз Бес компьютерге дейін тіркей аласыз. Егер сіз бес компьютерден артық тіркегіңіз келсе, жүйеге кіргеннен кейін сізге кейбір компьютерлерді уақытша пайдаланылмайтын нде белгілеу қажет болады.
0	Компьютерді тіркеу * Компьютердің атын көрсетіңіз 1-ден 30 символға дейін. Мысал: жұмыс компьютері
۲	Компьютерді тіркеусіз кіру
?	Компьютерді тіркеу тізімінен қалай жоюға болады?
	Компьютер келесілер арқылы жүйеге кіргеннен кейін сенімді тізімінен жойылуы мүмкін: Теңшеулер >Пайдаланушы басқару >Пайдаланушы компьютерін тіркеу. бос қалдыру

Соңғы бөлім – пайдаланушының уақытша құпия сөзін өзгерту. Жүйеге алғаш кірген кезде уақытша парольді міндетті түрде өзгерту қажет.

Ағымдағы құпия сөзді енгізіңіз (Клиенттік сервистің менеджері берген уақытша құпия сөзді), содан кейін латын әріптерінен, сандардан және арнайы нышандардан тұратын және 8 немесе 12 таңбадан аспайтын жаңа құпия сөзді енгізіңіз. Сондай-ақ, құпия сөзді енгізу кезінде бір әріпті немесе санды 5 реттен артық пайдалана алмайсыз және алфавиттің немесе сандардың тізбекті белгілерін қолдана алмайсыз (Мысалы: 12345).

Жаңа құпия сөзді қайталаңыз және «Әрі қарай» батырмасын басыңыз.

Пайдаланушының құпия сөзін бастапқы күйге келтіру										
Ағымдағы құпия сөз										
Жаңа құпия сөз	Купия сөз тек латын әріптерінен, цифрлардан және арнайы символдард немесе 12 символдан ұзын болмауы керек. Әріптер тіркелімінің маңызы	ан тұруы тиіс және 8 символдан қысқа бар!								
Құпия сөзді растаңыз	Парольді қайта енгізу									
	Тексеру									

Енді Сіз «Интернет-Банкинг» жүйесіндесіз, онда теңшеулерді өзгертуге, төлем операцияларын жасауға, валютаны айырбастауға және он-лайн режимінде басқа да қызметтерді пайдалануға болады.



Жүйеге кіргеннен кейін сіз басты бетке кіресіз. Интернет-банкинг жүйесінің басты бетінде келес ақпаратты көруге болады:

Жеке тұлғаларға Заңды			цы тұлғала	арға 🔻	Қо	олдау орт	алығы		Бі	з туралы	
🔇 Shinhan B	ank Kazakh	istan			CUSNM2	020004802	2 1 29:3	6 Ұзарту	Шығу	2 Қазақ	~
Шоттарды басқару	Операциял	ар К	арточкалар	р	Теңшеулер	4				3	3
Менің профилім	5					Мен	ің хабар	ламам		Барлығын қара	ay >
Клиенттің аты		CUSNM202000	4802				Та	қырыбы		Алынған күні	^
Аударым операция лимит (Бір күнге) (К	Аударым операциялары бойынша лимит (Бір күнге) (қол жетімді лимит) КZT				0.00 (0.00)						
Бір операцияға лим	мит	кzт			0.00		Нәтиже табылмады				
Соңғы кіру күні		19/11/2021 09:0	07:58								
											\sim
Растау мәртебес	i 6									Барлығын қара	ay >
Операция күні	Қыз	иет атауы			Сомась	1		Өңдеу мәртеб	5eci	Егжей-тегжейлі ақпаратты қарау	^
17/09/2021	Валют	га айырбасы		USD			250.00	Өңдеу	1	Егжей-тегжейлі ақ	-
17/09/2021	Валют	га айырбасы		KZT			100,000.00	Өткізілген	1	Егжей-тегжейлі ақ	\sim
Шоттар тізімі	7										
Į	Цепозиттер / ағı	ымдағы шотт	гар					Несиелер			
Шот атауы	ol 🕜	Шот нөмірі	Ашыл	1ған күні	Дата истечения	, E	Валюта	Қалдығы		Қолжетімді	^
DEP AC ALNM NM20	20004802 <u>K</u>	Z1443500170	23/0	06/2017			KZT	550,073,701.2	20	550,073,701.20	-
			Ķ	(ол жетімді	қалдық жиы	ны	8				
KZT										916,318,724.4	1
USD										11,209,463.63	3
Соңғы операция.	лар (соңғы 5)	9								Барлығын қар	ay >
Or	перация түрі		M	әртебесі	Валі	ота	Co	омасы	0	перация күні	^
Валюта айырбасы				Өңдеу	US	D	250.00			17/09/2021	-

 «Интернет-банкинг» жүйесінен шығу үшін «Шығу» мәзірінің тармағын пайдалануды ұсынамыз. Егер Сіз 30 минут ішінде жүйеде жұмыс істемесеңіз, жүйеден автоматты түрде шығу жүргізіледі. Сіз жүйеде болу уақытын 30 минутқа ұзарта аласыз.
 Интернет банкинг жүйесінде жұмыс істеудің ыңғайлылығы үшін тілді таңдауға болады. Жүйеде 4 тіл бар: көрей, ағылшын,

2. титернет банкинг жүмсенде жұмыс тетеудің ыңғайлылығы үшін тілді тандауға болады. Жүмеде 4 тіл бар. көрей, ағылш қазақ және орыс тілдері.

3. Осы батырманы басу арқылы басты беттен шықпай-ақ сайт картасын көруге болады. Қажетті сілтемені басу арқылы Сіз қажетті бетке тез өте аласыз.

4. Мұнда басты мәзір орналасқан. Әр қосымша бетті басу арқылы Сіз қол жетімді мәзір функцияларын көресіз.

5. «Менің профилім» бөлімінде келесі ақпарат бар: Клиенттің аты, операциялар бойынша негізгі шектеулер. Сондай-ақ, мұнда Сіз «Интернет-Банкинг» жүйесіне соңғы кіру күні мен уақытын көре аласыз.

6. Растау мәртебесі – бұл растау мәртебесі бар операциялардың тізімі. Бұл бөлімде Сіз операцияны өңдеу міртебесін көре аласыз.

7. «Шоттар тізімі» — мұнда барлық ағымдағы шоттардың тізімін теңгемен және валютамен көруге болады. Сондай-ақ, депозиттер мен банктік қарыздар бойынша ақпаратты көре аласыз, егер Сізде бар болса. Бөлім келесі ақпаратты қамтиды: шоттың атауы, шоттың нөмірі, ашылған күні, аяқталу күні, шоттың валютасы, әрбір шот бойынша қалдық және қол жетімді қаражат.

Жүйеде жұмыс істеу және ағымдағы шотты сәйкестендіру ыңғайлылығы үшін «Шоттың атауын» өзгертуге болады – ол үшін сұрақ белгісін басыңыз.



Жеке тұлғаларға	Заң	ды тұлғаларға 🔻	Қолд	дау орталығы		Біз туралы	
	Шотыңі	ызға атау беріңіз		×]		
Шоттар тізімі	Ыңғаі	йлы пайдалану үшін де (бит шотының "Атауын Болады.				
Депозиттер / а	ағым,	_		есиелер			
		Шот	атауын беру				
Шот атауы 👩	Шо		истечения		Қалдығы	Қолжетімді	^
DEP AC	KZ3543500170	23/11/2015		USD	0.00	0.00	
DEP AC	KZ5743500170	23/11/2015		KZT	3.29	3.29	\sim

«Шотыңызға атау беріңіз» хабарламасы шығады, егер Сізді осы функция қызықтырса, «Шот атауын беру» батырмасын басу арқылы Сіз «Шоттарды теңшеу» бетіне түсесіз. Бұл бетке мәзір арқылы да кіруге болады: Теңшеулер - Шоттарды басқару - Шоттарды теңшеу.

«Шот бойынша операциялар туралы толық ақпарат» бетіне «Шот атауына» жылдам өту үшін шотқа басу қажет. Сондай-ақ, бұл бетке мәзір арқылы кіруге болады: Менің шоттарым> Депозиттер/Ағымдағы шоттар> Шот бойынша операциялар туралы толық ақпарат.

Шот атауы 📀	Шот нөмірі	Ашылған күні	Дата истечения	Валюта	Қалдығы	Қолжетімді	^
DEP AC ALNM	KZ3543500170	23/11/2015		USD	0.00	0.00	

Егер «Шот нөмірі» бөлімінде Сізге қажет шотты бассаңыз – байланысты қызметтерге жылдам өту мәзірі шығады, оның ішінде: Шот бойынша операциялардың егжей-тегжейі, шот бойынша үзінді көшірме, банк ішіндегі аударым, ұлттық валютадағы аударымды тіркеу, ұлттық валютадағы аударымдар мұрағаты, шетел валютасындағы аударымды тіркеу, шетел валютасындағы аударымды қарау, құжаттарды басып шығару сияқты байланысты қызметтерге жылдам өту мәзірі шығады. Жылдам өту үшін Сізге қажет сілтемені басыңыз.

	Депозит	тер / ағымдағы шотт	ap	Несиелер						
						•		-		
	Шот атауы 🍘 Шот нөмірі		Ашылған күні	Дата истечения	Валюта	Қалдығы	Қолжетімді	^		
DEP AC	ALNM	KZ3543500170	Жылдам 🖂		USD	0.00	0.00	1		
DEP AC ALNM KZ5743500170		Шот бойынша операциялар туралы толық ақпарат		KZT	3.29	3.29	~			
			Шот бойынша үзінді	илдық жиыны						
KZT			Банк ішіндегі аударымдар				3.29)		
USD	USD		Ұлттық валютадағы аударым				0.00)		
			Ұлттық валютадағы аударымдар тарихы							
Соңғы о	перациялар (сон	ңғы 5)	Шетел				Барлығын қара	iy		
	Операция	түрі	аударым	Валюта	Co	масы	Операция күні			
	-		Рубльмен аударым			-				
			Шетел валютасындағы аударымды (шығыс) қарау	ылмады				~		
			Төлем туралы толық ақпарат							
Қауіпсі	здік орталығы	Demo Интернет-банк	Аударым/валюта айырбастау тарихы	ы Бізбен х	абарласыңыз	Shinhan Global	сайтына өту			

8.Бұл бөлімде шоттар бойынша ақша қаражатының жалпы қалдығы көрсетілген.

9.Бұл бөлімде жүйеде негізгі ақпаратпен жасалған соңғы 5 операцияны көруге болады: операция түрі, мәртебесі, валютасы, сомасы және операция күні.



6. Басты мәзір – Шоттарды басқару

6.1. Депозиттер/Ағымды шоттар.

Басты мәзірдің «Депозиттер/Ағымдағы шоттар» бөлімі 4 (төрт) қосымша беттен тұрады:

- Шоттар тізімі.
- Шот бойынша операциялар туралы толық ақпарат.
- Жабық шоттар.
- Шот бойынша үзінді.

Шоттар тізімі.

Бұл бөлімге басты мәзір арқылы кіруге болады: Шоттарды басқару>Депозиттер/Ағымдағы шоттар >Шоттар тізімі.

Бет барлық ағымдағы шоттардың тізімін қамтиды – теңгемен және валютамен. Сондай-ақ депозиттер мен банктік қарыздар бойынша ақпарат бар. Бөлім келесі ақпаратты қамтиды: Шоттың атауы, шоттың нөмірі, ашылған күні, аяқталу күні, шоттың валютасы, әрбір шот бойынша қалдық және қол жетімді қаражат.

Бұл бетте бірнеше форматтағы шоттар туралы ақпаратты жүктеу функциясы бар: Excel, TXT, PDF.

							29/11/2021 11:12:30	49
• Саны	2							
							٨	Ŧ
Шот атауы 🧿		Шот нөмірі	Валюта	Ашылған күні	Дата истечения	Қалдығы	Қолжетімді	^
DEP AC ALNM		KZ35435001701006	USD	23/11/2015		0.00	0.0)
DEP AC ALNM		KZ57435001701006	KZT	23/11/2015		3.29	3.2	• ~
			Жиы	ны (Қолжетімді)				
KZT							3.2	9
USD							0.0	0

Шот бойынша операциялар туралы толық ақпарат.

Бұл бөлімге басты мәзір арқылы кіруге болады: Шоттарды басқару> Депозиттер/Ағымдағы шоттар> Шот бойынша операциялар туралы толық ақпарат. Бөлім шоттар бойынша егжей-тегжейлі ақпаратты қамтиды және бірнеше бөліктен тұрады:

1. Шот бойынша операциялардың егжей-тегжейлері, онда іздеу параметрлерін енгізу арқылы белгілі бір кезеңдегі, белгілі бір типтегі және т.б. шот бойынша операциялар туралы ақпарат ала аласыз.

2. Шот бойынша ақпарат – осы жолдағы « + » белгісін басу арқылы – шот бойынша негізгі ақпаратты алуға болады: шоттың атауы, шоттың нөмірі, ашылған күні, шоттың валютасы, шот бойынша қалдық, сыйақы мөлшерлемесі (егер бұл депозиттік шот болса).

Ақпарат сұрау үшін шот-фактураны таңдау керек. Қосымша іздеу параметрлерін енгізу үшін «Іздеу шарттары» жолындағы «+» батырмасын басу керек



Шот бойынша операциялар туралы толық ақпарат



Шот бойынша операциялардың егжей-тегжейлері бойынша мәліметтерді іздеу үшін іздеу шарттарын енгізу қажет. Іздеу шарттарының міндетті тармағы – шот нөмірі. Кезең өрісінде белгілі бір үзінді күнін, сондай-ақ ақпарат алғыңыз келетін кезеңді таңдай аласыз. «Операция түрі» өрісі белгілі бір төлем түріне іздеу аймағын қысқартуға көмектеседі. Сондай-ақ, сұрыптаудың нақты және ыңғайлы түрін таңдауға болады: алғашқы операциядан бастап және кему күні бойынша. Іздеудің соңғы үш шартын толтыру міндетті емес.

Шот бойынша операциялар туралы толық ақпарат

іздеу шарттары	
• Шот нөмірі	KZ354350017010061090(USD-DEP_AC_ALNM_NM2020026572)
Кезең	23/11/2021 🗰 ~ 29/11/2021 🗰 1 кун запта апта
Операция түрі	Барлығы 🔽 1 ай 3 ай
Сұрыптау	бірінші операциядан 🗸
	адеу

Барлық параметрлерді толтырғаннан кейін «Іздеу» батырмасын басыңыз.

Алынған ақпарат операциялар бойынша егжей-тегжейлі ақпаратты қамтиды. Мысалы: Операция күні, операция түрі, жұмсалған және алынған ақша, транзакцияны растау мәртебесі, қалдық және төлем сипаттамасы.

Сондай-ақ, бірнеше форматтағы операциялар бойынша деректерді жүктеу функциясы бар: Excel, TXT, PDF.

= Период = Итого списано	07/09/20 0.00	21 ~ 13/09/2021		= Колич = Итого	ество получено	0 0.00		
								上土
Дата операции Тип опе	рации	Списано	Получено		Остаток	Подтвержд ение транзакции	Описание	-
			Результаты	не найдень	I			

Жабық шоттар.

Бұл бөлімге басты мәзір арқылы кіруге болады: Шоттарды басқару> Депозиттер/Ағымдағы шоттар> Жабық шоттар. Бөлімде Сіз жабық шоттар – ағымдағы шоттар, депозиттер, банктік қарыздар бойынша ақпаратты көре аласыз. Сұрау келесі ақпаратты қамтиды: Шот түрі, Өнімнің атауы, Шот нөмірі, Валюта, Сыйақы мөлшерлемесі, Ашылған күні, Жарамдылық мерзімі, Жабылу күні, Шот мәртебесі.

Сондай-ақ, бірнеше форматта деректерді жүктеу функциясы бар: Excel, TXT, PDF.



Жабық шоттар

							06/1	2/2021 10:05:59	49
• Саны	5								
								لم	Ŧ
				Сыйакы					-
Шоттың түрі	Өнім атауы	Шот нөмірі	Валюта	мөлшерле месі	Ашылған күні	Өтеу күні	Жабылу күні	Мәртебесі	^
Шарттар	Мерзімдік депозит, КZT вал	KZ214350017	KZT	9.50	10/02/2017	17/02/2017	17/02/2017	Тоқтату (өтеу)	-
Шарттар	Мерзімдік депозит, КZT вал	KZ334350017	KZT	9.50	17/02/2017	24/02/2017	24/02/2017	Тоқтату (өтеу)	

Шот бойынша.

Бұл бөлімге басты мәзір арқылы кіруге болады: Шоттарды басқару> Депозиттер/Ағымдағы шоттар> Шот бойынша үзінді. Бұл бетте шоттар туралы үзінді көшірмені сұратуға болады. Толтыру үшін міндетті жол – ол шот нөмірі. Неғұрлым ыңғайлы іздеу үшін « + » батырмасын басу арқылы үзінді көшірмесінің кезеңін енгізуге болады, содан соң Сізде кезеңді толтыруға арналған жол шығады.

Нәтиже алу үшін «Іздеу» батырмасын басыңыз.

Нәтижелерді бірнеше форматта басып шығаруға болады: Excel, TXT, PDF.

Шот бойынша үз	інді
 Шот бойынша үзінді көшірі 	мені сұрау.
Іздеу шарттары	-
* Шот нөмірі	KZ35435001 (USD-DEP_AC_ALNM_I 1 кун 1 алта
Кезең	29/10/2021 III ~ 29/11/2021 III ~ 29/11/2021
	lagey

Жабылған шоттар бойынша үзінді көшірме алу қажет болған жағдайда, Admin User пайдаланушысының жеке кабинетіне кіру қажет. Шот бойынша үзінді парақшасында жабылған шоттар туралы үзінді көшірмені сұрауға болады. Толтырылатын міндетті жол – шот нөмірін таңдау. Нәтижені алу үшін «Іздеу» батырмасын басыңыз. Нәтижелерді бірнеше форматта басып шығаруға болады: Excel, TXT, PDF.

шот обивнша үз	ынді							
Іздеу шарттары						-		
* Inquiry Account	КZ414 87 Галап етілм КZ2 373300 г. 90090720(КZТ-Талап КZ2 00720800720	іелі салым, КZТ валютасында() етілмелі салым, КZТ валютасы хеліплікті жарна, КZТ валютасы	Кабық шот) Інда) нла(Жабық шот)	1				
Кезең		КZ5						
	KZ75::::::::::::::::::::::::::::::::::::	ағы шот, КZТ валютасында) идік депозит, КZТ валютасында) ағы шот, RUB валютасында))					
	КZ40-5000 17000000-003(USD-Tanan КZ40-50007 000000-12(USD-Tanan КZ21:100000000000000000000000000000000000	етілмелі салым, USD валютась і етілмелі салым, USD валютась цағы шот, USD валютасында) зе USD)	ында) ында)		04/05/2022 1	1:13:50		
= Кезең	04/04/2022 ~ 04/05/2022	= Саны	0					
					لم	• 🛨		
Операция күні	Сипаттамасы	Есептен	шығарылды	Алынған	Қалдығы	^		
	ŀ	-Тәтиже табылмады				~		

Шот бойынша үзінді



6.2. Несиелер.

Бас мәзірдің «Несиелер» бөлімі 5 (бес) қосымша беттерден тұрады:

- Кредиттер бойынша ақпарат
- Кредит бойынша операциялар туралы толық ақпарат
- Төлемдерді өтеу кестесі
- Несие желісіне шолу
- Сыйақы.

Кредиттер бойынша ақпарат

Бұл бөлімге басты мәзір арқылы кіруге болады: Шоттарды басқару >Несиелер > Кредиттер бойынша ақпарат. Бөлім «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ-да алынған қарыздар бойынша ақпаратты қамтиды. Сұрау келесі ақпаратты қамтиды: Шот нөмірі (несие референсі), берілген күні, өтеу күні, қол жетімді қалдық, сыйақы мөлшерлемесі, өнімнің атауы, соңғы өтеу күні, келесі өтеу күні, валюта, негізгі қарыз сомасы, қарыз сомасы.

Нәтижелерді бірнеше форматта басып шығаруға болады: Excel, TXT, PDF.

Кредиттер бойынша ақпарат

						29/11/2021 11:44:45	64
= Саны	0						
						ل کر	
Шот нөмірі(Кредит референо	сі) Валюта	Берілген күні		Өтеу күні	Қол жетімді қалдық (бел Сыйақы мөлшерл	Өнім атауы	^
			Нәти	кже табылмады			
<						>	Ý

Кредит бойынша операциялар туралы толық ақпарат

Бұл бөлімге басты мәзір арқылы кіруге болады: Шоттарды басқару> Несиелер> Кредит бойынша операциялар туралы толық ақпарат.

Бұл бөлімде қарыздар операциялары туралы толық ақпарат сұратуға болады. Іздеу шарттарын енгізген кезде «Шоттың нөмірі (Кредиттің референсі)» толтыруға міндетті болып табылады. Сондай-ақ, « + » батырмасын басу арқылы Сіз «Кезең» іздеудің қосымша шартын жасай аласыз. Сұрау жіберу үшін «Іздеу» батырмасын басыңыз.

Нәтижелерді бірнеше форматта басып шығаруға болады: Excel, TXT, PDF.

Сұрауды өңдегеннен кейін Сіз келесі деректерді аласыз: Операция күні, Сипаттамасы, Валютасы, Операция сомасы, Негізгі қарыз сомасы, Сыйақы сомасы, Өтеуге негізгі қарыз сомасы.

Нәтижелерді бірнеше форматта басып шығаруға болады: Excel, TXT, PDF.

Сондай-ақ, мұнда «Шот бойынша ақпарат» жолындағы « + » батырмасын басқан жағдайда алуға болатын қарыз бойынша қысқаша ақпарат орналасқан.



Кредит бойынша операциялар туралы толық ақпарат

Іздеу шарттары			-
 Шот немірі/Кредит референсі 	Шот немірі жоқ	Кредит референсі жоқ	
Кезең	29/05/2021 29/11/2021	1 бай 🗸	
		Іздеу	
Шот бойынша ақпарат			+
= Кезең		= Саны	
			人上
Операция күні Сипаттама	сы Валюта Операция сомас	ы Негізгі борыш сомасы Сыйақы сомас	сы Өтеуге негізгі борыш сомасы
	Іздеу пара	аметрлерін анықтаңыз	

Төлемдерді өтеу кестесі

Бұл бөлімге басты мәзір арқылы кіруге болады: Шоттарды басқару> Несиелер> Төлемдерді өтеу кестесі. Мұнда қарыздар бойынша төлемдерді өтеу кестесін сұрай аласыз. Нәтижелерді бірнеше форматта басып шығаруға болады: Excel, TXT, PDF.

					♠ HOME > Ynpar	пение счетами > 3	Займы > Графи	к погашения платежей	6	SHINHAN	N BANK KAZAKH	ISTAN			
График пог	ашения	платежей									Төлем жаса	у кест	гесі / Графі	ик платежей	
 Запрос информа 	ции по кредиту	и график погашения	платежей						He	сие берілген күн	і / Дата выдачи:		11.12.2017	ж/г.	
Second second second	a								Бо	рышты өтеу күн	/ Дата погашения		26.05.2020	ж/г.	
Условия пои	еференс	700 000 000 0	1007T 1		100		-	1	Сы	йақының атаулы минальная став	і мөлшерлемесі / ка вознаграждения		12 % жылд	цық /годовых;	
займа		730-000-00914	4(К2Т-Коммерческ	NA SANN)		1	~		Ж	илдық сыйақыны довая эффектив	ң тиімді мөлшерле ная ставка	месі/	14 %;		
				Поиск					He	сие сомасы / Су	мма кредита:		933,333.34	KZT;	
									Cb Of	йақының жалпы щая сумма возн	сомасы/ аграждений:		157,077.78	KZT;	
								04/04/2018 10:04:47	He	сие бойынша жа шая сумма опла	лпы төлем сомасы ты по кредиту:	1	1,157,077.7	B KZT;	
• Количество	6	iO							He	сие валютасы /	Валюта кредита:		тенге / тенг	e (KZT);	
									Eo	ептеу тәсілі / Ме	тод начисления:	6	дифференц дифференц	иалданған төлемде ированными платех	рімен / ками
Тип платежа	Дата погашения	Дата погашения по графику	Начало начисления вознаграждения	Завершение начисления вознаграждения	Остаток основного долга	Сумма основного долга	Сумма вознагражде ния	Итоговая сумма	N	Төлем күні/ Дата	Төлем сомасы/ Сумма платежа	Негі төле	ізгі борышты у/ Платеж по	Пайыздарды төлеу/ Платеж по	Несие қалдығының сомасы/Сумма
Вознаграждение	11/01/2018	11/01/2018	11/12/2017	10/01/2018	0.00	0.00	10,333.33	10,333.33		платежа		осно	овному долгу	процентам	остатка по кредиту
Основной долг	11/01/2018	11/01/2018			966,666.67	33,333.33	0.00	33,333.33	1	11/01/2018	43,666.66	3	3,333.33	10,333.33	966,666.67
								_	2	12/02/2018	43,644.44	3	3,333.33	10,311.11	933,333.34

Несие желісіне шолу

Бұл бөлімге басты мәзір арқылы кіруге болады: Шоттарды басқару> Несиелер> Несие желісіне шолу. Мұнда Банктен алынған несие желісі бойынша ақпаратты көре аласыз. Мұнда Сіз келесі ақпаратты көре аласыз: Несие желісінің нөмірі, Өтеу күні, Несие желісінің түрі, Валюта, Несие лимитінің сомасы, Қол жетімді сома. Кредиттік желі бойынша операциялар тарихын көру үшін Кредиттік желі нөмірін басыңыз. Нәтижелерді бірнеше форматта басып шығаруға болады: Excel, TXT, PDF.

Несие желісіне шо	олу					
-					29/11/2021 11:49:5	1 49
= Саны	0					
					۸	Ŧ
Несие желісінің нөмірі	Өтеу күні	Несие желісінің түрі	Валюта	Кредиттік лимит сомасы	Қолжетімді сома	
		Нәтиже таб	ылмады			



Сыйақы

Бұл бөлімге басты мәзір арқылы кіруге болады: Шоттарды басқару> Кредиттер> Сыйақы.

Мұнда сыйақы бойынша ақпаратты ала аласыз. Шоттың нөмірін (Кредиттің референсі), күнін таңдап, «Іздеу» батырмасын басыңыз.

Өңделген сұрауда келесі ақпарат қамтылады: Өтеуге жататын негізгі борыш сомасы, Сыйақы мөлшерлемесі, Кезең, Күндер саны, Сыйақы сомасы.

Нәтижелерді бірнеше форматта басып шығаруға болады: Excel, TXT, PDF.

Шот нөмірі жоқ			V	Кредит референсі жоқ	V	
29/11/2021	i					
		Іздеу				
					[لح م
Сыйақы мөлшерлемесі		Кезең		Күн саны	Сыйақы сомасы	^
		Іздеу параметрлерін анықтаңыз				~
	Шот немірі жоқ 29/11/2021 Сыйақы мөлшерлемесі	Шот немірі жоқ 29/11/2021 📰 Сыйақы мөлшерлемесі	Шот немірі жоқ 29/11/2021 Ш Іздеу Сыйақы мөлшерлемесі Кезең Іздеу параметрлерін анықтаңыз	Шот немірі жоқ.	Шот немірі жоқ. 29/11/2021 Ш Циреу Сыйады мөлшерлемесі Кезең Күн саны Іздеу параметрлерін анықтаңыз	Шот немірі жоқ V 29/11/2021 Ф Сыйақы мөлшерлемесі Кезең Күн саны Сыйақы сомасы Іздеу параметрлерін анықтаңыз

6.3. Операциялар.

Басты мәзірдің «Операциялар» бөлімі 2 қосымша беттен тұрады:

- Операциялар тарихы.

-

Бұл бөлімге басты мәзір арқылы кіруге болады: Шоттарды басқару> Операциялар> Операциялар тарихы.

Бұл бөлім операциялар туралы ақпаратты қамтиды. Ақпаратты сұрату үшін қажетті кезеңді таңдап, «Іздеу» батырмасын басыңыз, сондай-ақ Төлем сомасын, Операция мәртебесін, Операция түрін қамтитын егжей-тегжейлі ақпаратты енгізу қажет. Алынған сұрау: Сұрау салу күні, Қызметтің атауы, Валютасы, Сомасы, Мәртебесі, Ескертпе сияқты ақпаратты қамтитын болады. Нәтижелерді бірнеше форматта басып шығаруға болады: Ехсеl, ТХТ, PDF.

Операциялар та	рихы			
Іздеу шарттары				
Кезең	29/08/2021	29/11/2021 🗰 Зай	V	
Төлем сомасы	~	Барлығы	\checkmark	
Операция мәртебесі	Барлығы			
Операция түрі	Барлығы		V	
		Іздеу		
				29/11/2021 11:55:33
= Кезең	29/08/2021 ~ 29/11/2021	= Саны	0	
				<u>ل</u> ح الح
Сұрау салу күні	Қызмет атауы Валюта	а Сомасы Мәртеб	eci Ec	жертпе
		Нәтиже табылмады		~

Операциялар бойынша егжей-тегжейлерді қарау үшін «Қызметтің атауы» бөлімінде қажетті төлемді таңдаңыз. Жаңа төлемге арналған төлемді көшіру үшін беттің төменгі жағындағы «Жаңасын жасау» батырмасын басыңыз. Төлемдер тізіміне өту үшін «Тізімге оралу» батырмасын басыңыз.



Растау мәртебесін тексеру

Бұл бөлімге негізгі мәзір арқылы кіруге болады: Шоттарды басқару> Операциялар> Растау мәртебесін тексеру.

Бұл бетте сіз төлемді растау күйін тексере аласыз. Операция туралы толық ақпаратты көру үшін Қызмет атауы бөлімінде қажетті төлемді таңдаңыз.

Сондай-ақ, қажетті операцияны (немесе бірнеше) таңдап, «Сұранысты болдырмау» түймесін басу арқылы төлемнен бас тартуға болады.

Растау мәртебесін тексеру

							06/12/2021 10:35:06	49
• Саны		73						
~								Ŧ
Таңдау	Сұрау салу күні	Қызмет атауы		Сомасы	Мәртебесі	Қолданушы	1-ескерту	^
	08/09/2021	<u>Жиынтық төлем</u>	KZT	10,413.00	Күтуде	DAEWO012	FROM:KZ614350010001041606	
	08/09/2021	Шетел валютасындағы ауда	KZT	248,760.00	Күтуде	DAEWO012	FROM:KZ614350010001041606, BAN	
				Сұрау салуды	болдырмау			

6.4. Ұсталған комиссиялар.

Бұл бөлімге басты мәзір арқылы кіруге болады: Шоттарды басқару> Ұсталған комиссиялар.

Бөлім банк комиссиялары бойынша таратып жазуды қамтиды. Сұрау жіберу үшін «Іздеу шарттарында» кезеңді таңдап, «Іздеу» батырмасын басыңыз. Сұрауда келесі ақпарат бар: Күні, Комиссия түрі, Операция түрі, Валютасы, Комиссия сомасы, Банк атауы, ҚҚС сомасын төлеген күні.

Нәтижелерді бірнеше форматта басып шығаруға болады: Excel, TXT, PDF.

Сондай-ақ, операцияның егжей-тегжейін көру үшін «Комиссия түрін» таңдаңыз. Ұсталған салықтар туралы мәліметтерді көру үшін Банк бөлімшесіне хабарласыңыз.

¥сталған к	омиссияла	р								
Іздеу шартта	ры									
Кезең		23/11/2021	~	29/11/2021		1 апта	~			
					Іздеу					
										29/11/2021 11:58:37
= Кезең	23/1	1/2021 ~ 29/11/20	21		= (аны		0		
										Ŀ
Операция күні	Операция түрі	K	омиссия тү	pi	Вали	ота	Комиссия сомасы		Банктің атауы	ҚҚС төлеу күні ∧
				Нәтиж	е табылм	ады				~



7. Басты мәзір - Операциялар

7.1 Банк ішіндегі аударымдар/Айырбастау

Басты мәзірдің «Банк ішіндегі аударымдар/Айырбастау» бөлімі 3 (үш) қосымша беттерден тұрады:

- Банк ішіндегі аударымдар.
- Валютаны айырбастау.

- Аударым/валюта айырбастау тарихы.

Банк ішіндегі аударымдар.

Бұл бөлімге басты мәзір арқылы кіруге болады: Операциялар> Банк ішіндегі аударымдар/Айырбастау> Банк ішіндегі аударымдар.

Бұл бөлім өз шоттары арасында немесе «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ-ның басқа клиентіне ақша қаражатын аудару кезінде пайдаланылады. Аударманы толтырудың бірінші кезеңінде деректерді енгізу қажет.

1) Операция жасайтын жіберушінің Шотын таңдаңыз.

2) Алушы бойынша ақпаратты енгізу есеп айырысу шотын енгізуден басталады. Шотты үш жолмен енгізуге болады: тізімнен Таңдаулыларды таңдау (егер алушы бұрын Таңдаулылар тізіміне қосылған болса), Деректерді енгізу (есептік жазбаны қолмен енгізу) және Менің шоттарым (шоттарыңыз арасындағы аударымдар үшін).

3) Алушының есеп айырысу шотын енгізгеннен кейін «Тексеру батырмасын басыңыз. Алушы туралы ақпарат және төлем валютасы автоматты түрде пайда болады. Міндетті түрде «Аударымды тағайындау» жолын толтырыңыз, әйтпесе Сіздің төлеміңіз қабылданбайды.

Банк ішіндегі ауда	арымдар	
Жіберушінің деректері		Архивтен жүктеу
* Жіберушінің шоты	KZ3543500170 (USD-DEP_AC_ALNM_)	
	Қол жетімді қалдық USD 0.00	
* Құжаттың күні	29/11/2021	
* Құжат нөмірі	1	
Алушының деректері		
* Алушынын шоты	Таңдаулы	
	Таңдау Алушының шоты 🔽 Тех	реру
* Алушының атауы / Валюта		
* 11K		
Аударым мақсаты		
Сомасы		
* Аударым сомасы		
	Бұдан әрі	

- 4. ТКК таңдау тіркеу коды): ең көп қолданылатын ТТК тізімінен таңдауға болады, егер тізімде қажетті код болмаса, «ТТК іздеу» бөліміне өтуіңіз керек.
- 5. Қалқымалы терезеде ТТК іздеу екі параметр бойынша жүзеге асырылады: ТТК коды және ТТК атауы. Қажетті нұсқаны таңдап, деректерді енгізіңіз, содан кейін «Іздеу» батырмасын басыңыз. Сізге қажет ТТК шыққан кезде құсбелгіні қойып, «Таңдау» батырмасын басыңыз.



оттарыңызд	ың арасындағы ау	/дарым / оанк клиентт	ерінің арасындағы аудар	ым	
Гөлем ма	қсатын таңдан	(ыз			
іздеу	шарттары				
TTK K	оды	✔ 119			
Ta					-
Tai					
	-µцау	ТТК коды 119	Немірі	ТТК атауы Басқа да етеусіз ақша аударымдары,	^
		ТТК коды 119 119	Немірі 1 2	ТТК атауы Басқа да етеусіз ақша аударымдары, басқа да мақсаттар (емделу мен оқытудан басқа) үшін қайтарымс	^
		ТТК коды 119 119 119	Немірі 1 2 3	ТТК атауы Басқа да өтеусіз ақша аударымдары, басқа да мақсаттар (емделу мен оқытудан басқа) үшін қайтарымс бенефициардың басқа да мақсаттар (емделу мен оқытудан басқа	
		ТТК коды 119 119 119 119 119	Немірі 1 2 3 4	ТТК атауы Басқа да етеусіз ақша аударымдары, басқа да мақсаттар (емделу мен оқытудан басқа) үшін қайтарымс бенефициардың басқа да мақсаттар (емделу мен оқытудан басқа зиянды өтеу, оның ішінде сот шешімі бойынша	

- 6. Беттің төменгі жағына аударым сомасын енгізу қажет. Содан кейін «Бұдан әрі» батырмасын басыңыз.
- 7. Сондай-ақ, ақпаратты «Архивтен жүктеу» функциясы арқылы толтыруға болады.
- 8. Аударманы жүргізудің екінші кезеңі ақпаратты тексеру. Қателіктерге жол бермеу үшін деректерді тағы бір рет тексеріп алыңыз.
- 9. Беттің төменгі жағында «ОТР-токенің құпия сөзі» өрісіне Қауіпсіздік құрылғысымен немесе смс құпия сөзімен түрленген алты таңбалы кодты енгізіңіз. Енгізу тек виртуалды пернетақтада қол жетімді екенін ұмытпаңыз. Құпия сөзді енгізгеннен кейін «Бұдан әрі» батырмасын басыңыз.

сөзі сөзі	6 таңбаны енгізіңіз							
	Virtu	ual Ko	eyboa	rd			X	Бұдан әрі
		1	2	3	4		$\langle \mathbf{x} \rangle$	
	5	6	7	8	9	0	L→	

10. Аударманы жүргізудің 3 кезеңі – аударманың сәтті тіркелгені туралы хабарлама, сондай-ақ тиісті батырманы басу арқылы «Операцияны жалғастыру» немесе аудармаңыздың мәртебесін көру үшін «Операциялар тарихы»-на кіре аласыз.

Валютаны айырбастау.

Бұл бөлімге басты мәзір арқылы кіруге болады: Операциялар> Банк ішіндегі аударымдар/Айырбастау> Валютаны айырбастау.

«Жіберушінің деректері» бөлімінде ақша қаражаты есептен шығарылатын есептік шотты, сондай-ақ Айырбастау мақсатын таңдау қажет. «Алушының деректері» бөлімінде валюта айырбасталатын есеп айырысу шотын таңдаңыз. Әрі қарай, айырбастау сомасын енгізіңіз. Айырбастау валютасы Шотты толтырғаннан кейін автоматты түрде шығады. Сондай-ақ, келісімшарттың нөмірі мен күнін енгізу қажет. Банк Менеджері ұсынған арнайы бағамды пайдаланған кезде оны қолмен, Валюта Бағамы жолында ауыстыруға болады.



Бұл бетте барлық өрістер міндетті түрде толтырылуы қажет. Барлық деректерді енгізгеннен кейін «Бұдан әрі» батырмасын басыңыз.

Деректерді тағы бір рет тексеріп, Сіздің Қауіпсіздік құрылғыңыз түрлеген алты таңбалы кодты енгізіңіз.

Валютаны сатып алу/сату туралы банктің белгісі бар өтінішті Менің шоттарым >Депозиттер/Ағымдағы шоттар >Шот бойынша операциялар туралы толық ақпарат сілтемесі бойынша жүктеуге болады.

1.Ақпаратты е	нгізу	2.Деректерді тексеру		3.Процесс аяқталды
берушінің деректері				
Жіберушінің шоты	KZ3543500170100610	090(USD-DEP_AC_ALNM_NM2020026572)	~	
	Қол жетімді қалдық U	ISD 0.00		
 Айырбастау мақсаты 	Таңдау Айырбастау и 01-Тауарларды және	иақсаты материалдық емес активтерді сатып алу		
Алушының деректері	02-қызметтер көрсет 03-Дивидендтерді жа 04-Қарыз ұсыну/беру 05-Қарыз бойынша м 06-Бағалы қағаздарм	улерди алу не капиталға қатысу бойынша басқа кірістеј індеттемелерді орындау ген жасалатын операциялар	рді төлеу	
* Алушының шоты	07-Резидент банктер, 08-Меншікті қаражатт 09-Жалақы төлеу 10-Пайдаланылмаған	деп жинақ ақша салымдарында орналастыр гың резидент емес банктердегі шоттарға ау, н сатып алынған шетел валютасын кері сату	ру дару	
	11-Басқасы			
Сомасы				
* Аударым сомасы	USD	Тексеру		
 Валюта бағамы / айырбастау сомасы 				
Келісімшарт нөмірі және				

Аударым/валюта айырбастау тарихы.

Бұл бөлімге басты мәзір арқылы кіруге болады: Операциялар> Қлттық валютадағы аударымдар> Аударым/валюта айырбастау тарихы. Мұнда Банк ішіндегі аударымдарды көруге болады. Ақпарат алу үшін Кезеңді таңдаңыз. Операция түрі өрісі келесі ақпаратты қамтиды: Банк ішіндегі аударымдар, Валютаны айырбастау.

Іздеу шарттары									
Кезең	23	/11/2021	29/1	1/2021	1:	апта	~		
Операция түрі	Ea Ba	нк ішіндегі аудары лютаны айырбаст	ымдар гау						
					Іздеу				
= Кезең					= Сань	al			
								Шот бойынша операциялар туралы толық ақпарат	Ł
Сұрау салу күні	Қызмет атауы	Валют а	Сомасы	Мәрт	гебесі	-	Гіркелді	Ескертпе	^
			Ізде	еу параметр	лерін анық	таңыз			~

Аударым/валюта айырбастау тарихы

Мұнда төлемнің егжей-тегжейін көруге болады, сонымен қатар банктің мөрі бар Төлем тапсырмасын басып шығара аласыз. Ол үшін «PDF жүктеу» батырмасын басып, файлды ашыңыз.



7.2. Ұлттық валютадағы аударымдар

Бас мәзірдің «Ұлттық валютадағы аударымдар» бөлімі 5 (бес) бөлімнен тұрады:

- Ұлттық валютадағы аударым.
- Ұлттық валютадағы аударым (файлды жүктеу).
- Жаппай аударым (файлды жүктеу).
- Ұлттық валютадағы аударым туралы толық ақпарат.
- Ұлттық валютадағы аударымдардың тарихы.

Ұлттық валютадағы аударым.

Бұл бөлімге басты мәзір арқылы кіруге болады: Операциялар> Ұлттық валютадағы аударымдар> Ұлттық валютадағы аударым.

Аударымның бұл түрі қаражатты өзінің ағымдағы шотынан Қазақстан Республикасының басқа банкінде ашылған шотқа аударуды көздейді.

Аударымды жүзеге асыру үшін келесі іс-әрекеттер орындау қажет:

1) Егер бұл Сіздің алғашқы төлеміңіз болса, деректерді қолмен енгізіңіз. Жіберушінің шотын таңдаңыз. Төменде Сіз таңдаған шотқа сәйкес төлем валютасы автоматты түрде шығады. Бұл бөлімде төлемдер тек ұлттық валютада қолжетімді. Төлем сомасын енгізіңіз.

Егер Сіз ұлттық валютада төлемдер жасаған болсаңыз, онда «Архивтен жүктеу» батырмасын басу арқылы Сіз кез келген жасалған төлемді тауып, көшіре аласыз.

Ұлттық валютадағы аударым

1.Ақпаратты ен	ігізу	2.Деректерді тексеру		3.Процесс аяқталды
Жіберушінің деректері				Архивтен жүктеу Үлліні жүктеу
* Жіберушінің шоты	КZ5743500170100 Қол жетімді балан	061082(KZT-DEP_AC_ALNM_NM2020026572)	V	
 Валюта/Аударым сомасы 	KZT 🗸			
 Бірінші басшысы 				
 Бас бухгалтер 				

Егер Сізде жүйеде сақталған Үлгілер/Шаблондар болса, уақытты үнемдеу үшін деректерді Жіберушінің деректері өрісіне «Үлгіні жүктеу» арқылы толтыра аласыз.

іттық вал	тютада ғь	і аударым						
	Аударым үл	rici		_		_	×	
ушінің						🛛 Жаңа үлгіні қ	хсу	Улгіні жукта
ерушінін	Таңд ау	Үлгі атауы	Алушының атауы	Банктің БСК	Банктің атауы	Алушының шоты	^	
юта/Ауд	I11			CASPKZKA	AO "KASPI BANK"	KZ:	\sim	
нші басі				Тексеру				

- Егер төлем салық төлемдеріне жататын болса, БСК (Бюджеттік сыныптама коды) таңдау қажет ол үшін «БСК іздеу» батырмасын басу қажет. Қалқымалы терезеде іздеу екі параметр бойынша жүзеге асырылады: БСК коды және БСК атауы.
- ТТК таңдау (Төлем тіркеу коды): ең көп қолданылатын ТТК тізімінен таңдай аласыз, егер тізімде қажетті код болмаса, «ТТК іздеу» бөліміне өтуіңіз керек. Ол үшін «ТТК іздеу» батырмасын басу қажет. Қалқымалы терезеде іздеу екі параметр бойынша жүзеге асырылады: ТТК коды және ТТК атауы.



Төлем мақсатын таңдан	ыз			×
